

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Ә» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
II апта (9- 12 Наурыз 2021ж.)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманшесева А.Ж

Тәрбиеші: Бурунбаева М.Ж

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Күн тәртібі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Сәлеметсіздер ме, балалар!	Балаларды қабылдау. Балалармен амандасу. Балалардың көңіл күйіне назқа аудару. Жағымды жағдай орнату.			
Шаттық шеңбері	Армысың, сұлу күн! Армысың, ашық аспан! Қайырлы күн, баршаңа!	Күлімде күн күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей, бүгін де, Қанат қақсын көгершін.	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырасын даламыз, Жайнай берсін қаламыз.	Армысыз, қайырлы Күн! Армысыз, Аспан ата! Армысыз, мейірімді Жер Ана! Армысыз, шұғылалы Алтын Күн!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<p>1.Математика негіздері. Тақырыбы: Көліктер. Фигуралар мен заттардың пішінін атаймын. Мақсаты: Геометриялық фигуралар (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратып дұрыс атай білу. Әліппе дәптермен жұмыс. Геометриялық фигуралар. 1.Суретке кара. Жүк тасымалдайтын көлік қалай аталады? Геометриялық денелерді ата. Оларды осындай пішіндегі заттармен сызып қос. 2.Өзіне таныс фигураларды қоршап сыз. 3. «Ғажайып баспалдаққа» кара. Томеннен жоғары көтерілген сайын әр фигура белгілерінен түсін, пішінін немесе өлшемін өзгертіп отырады. Конустың қалай өзгергенін түсіндіріп бер. Сергіту сәті. Бойды сергек тік ұста, Емін еркін тыныста. Демінді ішке тез алда, Оң қолыңды соз алға. Қол ұшына кара да, Үшбұрыш сыз ауада.</p>	<p>1.Сауат ашу. Тақырыбы: Қайшы неге ұқсайды? Х дыбысы мен әрпі Мақсаты: Х дыбысы және оның әрпі таңбасымен таныстыру. «Х»дыбысы келетін сөздерге мысал келтіру Оқу қызметіне балалардың назарын тартып, педагог жағымды атмосфера құру үшін балаларды шеңберге тұрғызып, бір-бірлеріне жылы сөздер айтқызады. Педагог балалардың назарын слайдтағы қазақтың дәстүрлері туралы суреттерге аударады. Балалар өздеріне таныс дәстүрлер туралы әңгімелейді. Педагог балалардың әңгімесін толықтырады. 1-тапсырма Суретте не болып жатыр деп ойлайсыңдар? Қандай дәстүрлерді көріп тұрсыңдар? Педагог балаларға сюжетті суретті көрсетеді. Тұсаукесер рәсімі туралы айтып береді. Жана үй, жана жұмыс орнының ашылу салтанатында қызыл таспаны кино туралы дәстүрді де айтады. 2-тапсырма бойынша мәтінді оқиды. Қайшының қандай құрал екенін, оның қажеттілігін түсіндіреді. Шаш кестіруге барғанда шаштараз шашты немен қияды? Қайшы туралы сұраққа жауап береді. Педагог қайшының ашық тұрғанда Х дыбысына ұқсас екенін түсіндіреді. 3-тапсырма. Достардың көңілді күлкілерін салу: «Хи-хи!», «Хо-хо!», «Хи-хо-хи!» – деп күліп дыбыстайды. Балалар Х дыбысын дұрыс айтуға жаттығады.</p>	<p>1.Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Өнер және мәдениет. Мақсаты: Киіз үйдің құрылысы мен жабдықтарын атау, олардың қолданыстағы икемділігін түсіндіру. Әліппе дәптермен жұмыс. Қазақ халқының қол өнері. Қандай ою өрнек түрлерін білесіңдер? Осы өрнектерді қандай заттарды безендіру үшін қолданар еді? Қошқармүйіз. Гүл. Тарак. Ботакөз. .Киіз үй жабдықтарын ата, артығын сыз. Себебін түсіндір. .Киіз үй бөліктерін атап, суретін аяқта. Киіз үй-ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық.</p>	<p>1.Өзін өзі тану Тақырыбы:Мейірімділік менің жүрегімде. Мақсаты: Балаларға мейірімділік туралы түсінік беру. Балаларды мейірімді болуға тәрбиелеу. Қамқор болып өсемін. Мейірімді жүрекпен, Бөлісемін бақытты. Ақ ниетпен шын тілеп, Ізгі істерді жақұтты! Мейірімді адам-өзге адамға, туған туыскандарына, табиғатқа деген жанашырлық сезімін, қамқорлығын көрсетуге дайын тұрады. «Қайырымдылық» М.Сүндетов. әңгімесін балаларға оқып беру. Адамның жақсы қасиеті өзгелерге қамқорлық жасай білуінен көрінеді. -Қамқорлық дегенді қалай түсінесіңдер? -Қамқорлық жасаған кездерің болды ма?</p>

<p>Сол қол босқа тұрмасын, Шеңбер жасап зырласын. Қорытынды -Балалар үшбұрышты неге үш бұрыш дейді екен? -Бұрыштары мен қабырғаларын санаңдар. -Балалар, дөңгелектің бұрышы бар ма? -Балалар осы пішіндерді қоршаған ортамен салыстырайық. Пішіндерге ұқсайтын заттарды атайық. Суреттерге қарайық, заттардың қандай пішіндерге ұқсайтын атайық. Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Қонақжайлылық. Мақсаты: Берілген тақырып аясында диалогке қатысу. Балалардың сөздік қорын молайту. -Үйге қонақ келгенін қалай болжауға болады -Қонақ келсе сенің көңіл күйің қандай болады? Қош келдіңіз! Жоғары шығыңыз! Төрлетіңіз! Сау болыңыз! -Бұл сөздерді қай кезде айтамыз? Өліппе дәптермен жұмыс. 1.Қонақ шақырғанда дайындық неден басталады Анаңа қалай көмектесесің? 2.Бірге жаттаймыз. Біздің үйде достарым, Қосты бүгін бастарым. Әжем келген ауылдан, Әкелді алуан дәм. Дастарханда тұр жайнап, Жент, бауырсақ, құрт, қаймақ. 3.Жұбыңмен диалог құр. «Қандай?» сұрағына жауап беретін сөздермен әжеге сипаттама бер. 4.Сөйлемді жалғастыр. Үлкен кісі қонаққа келсе.... Қонаққа келген балалармен..... Мен қонаққа барғанда....</p>	<p>X – қатаң дауыссыз дыбыс және ауа кедергіге ұшырайды. 4-тапсырма. «Қайшының әнін тыңдайды. Педагог тақтадағы X әрпінің бейнесіне ұқсас қайшының суретін іліп қояды Сергіту сәті. Балалар орындарынан тұрып, тыныс алу жаттығуын және қол-аяққа арналған жаттығуларды X әрпіне ұқсатып жасайды. 5-тапсырма. Хатқалтаның х-ға ұқсас бөлігін тапқызу. Хат, хатқалта сөздеріндегі х дыбысының орнын анықтату. Хатқалтаның Х-ға ұқсас бөлігін сызғызу. <i>Хат</i> сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Хат алыстағы адамдардың қарым-қатынас құралы екенін, оны пошташы тасып жеткізетінін педагог әңгімелеп түсіндіреді. Алдымен педагог балаларға хат салатын хатқалта туралы түсіндіреді. Оның бірінші бетінде хат баратын жердің мекенжайы жазылатындығын айтады. Екінші бетінің айқастырылып желімделгенін көрсетеді. Балалар төртбұрыштап кесілген қағаздан хатқалта жасайды. Хатқалта дайын болған соң Х-ға ұқсайтын екінші жағындағы бүктемесін үзік сызықтармен бастырады. Педагог хатқалта жасауға көмектесіп, бүктеу сызықтарын көрсетіп тұрады. 6-тапсырма. Таяқшалар мен қыстырғыштардан х әрпін бейнелеп жазады. Жазу жолына X әрпінің баспа түрін жазады</p> <p>2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Даңқы асқақ тұлғалар. Негізгі қимылдар: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру. 1.Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу. 2.Қол белде оңға, солға иілу. 3.Отырайық жүрелеп, Гүлдерді біз алайық.орнымыздан түргеп, Басқа гүлге барайық. 4.Қолымыз иықта. Алға, артқа есу 5.Қол белде оң аяқпен үш рет, сол аяқпен үш рет және қос аяқпен үш рет секіру. 6.Қоян секіреді, ат шабады, құс ұшады, аю қорбандайды, адам жүреді.</p>	<p>Киіз үй жиһаздары. Абажа-тамақ пен ыдыс аяқ сақтайды. Ағаштан жасалады. Кебеже-ет, құрт, шәй салып сақтайтын арнайы ағаштан жасалған жиһаз. Ағаш төсек-жату үшін пайдаланатын үй жиһазы. Адалбақан-киім ілуге арналған үй жиһазы. Жұқаяқ-үйде жүк астына қоятын ағаш зат. Сандық-киім кешек т.б. зат салуға арналған үй жиһазы. Төсеніштер: Алаша, киіз, сырмақ. Түскиіз-сәндік үшін төсектің тұсына іліп қояды. Сергіту сәті. Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар. Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. Қорытынды: -Киіз үй дегеніміз не? -Киіз үй қандай болады? -Киіз үйді көргендерің бар ма? -Киіз үй жабдықтарын атаңдар. Балаларды бағалау. Мадақтау.</p> <p>2.Жапсыру. Тақырыбы: Керуен қайдан келеді? Мақсаты: Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін суреті салынған немесе қиялдағы контур бойынша сұлбаларды қию. Жұмбақ жасыру. Өзі ірі жануар, Үстінде екі тауы бар. (түйе)</p>	<p>Қамқорлық жасауды үйрен! Шамаң келсе көмектес! Бірге жаттаймыз. Күн нұрындай көңілім, Даламдай кең пейілім. Жүрегім толы мейірім, Бәріне ортақ шуағым Қайырымды баламын. Қорытынды: -Мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалай түсінесіңдер? -Мейірімді адам деп қандай адамды айтады? -Сендердің қайырымды іс әрекет жасаған кездерің болды ма? Балаларды мадақтау.</p> <p>2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Батырлар. Негізгі қимылдар: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру және қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру. 1.Шеңбер бойында жәй жүру. Аяқтың ұшымен жүру. 2.Денені тік ұстап, алға адымдай жүру. 3.Аяқтың ұшымен, өкшемен, табанның ішімен және сыртымен жүру. 4.Әртүрлі бағытта шашырап жүру. 5.Саппен жүріп өту. Қимылды ойын: «Бос орын» Ойын шарты: Балаларды әртүрлі бағытта бір бірімен</p>
--	---	--	--

	<p>Қонақ сый сияпат әкелгенде... 5.Ыдыстарды асқа толтыр. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Құстай қанат қағайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық. Қорытынды: -Қонақты қалай қарсы аламыз? Балаларды бағалау. Мадақтау.</p> <p>3.Сурет салу. Тақырыбы: Киіз үй жайлы қоныс. Мақсаты: Түрлі сызықтар көмегімен қарапайым сәндік өрнектерін және қазақ өрнектерін салу. Киіз үй-мал баққан көшпелі халықтардың қысы жазы отыратын өте қолайлы және төзімді баспанасы. Киіз үй тез құрылып, тез жиналады. Қыста жылы, жазда салқын болады. Балалардың жұмысы. «Киіз үй» (суретін салады). Сергіту сәті. Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар. Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. Қорытынды: -Киіз үй қандай болады? -Киіз үйді көргендерің бар ма? Балаларды мадақтау. Бағалау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.</p> <p>4.Орыс тілі. Тақырыбы: Моя любимая сказка. Мақсаты: Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами. Организационный момент. давайте поприветствуем друг друга с помощью колоколь - чика. дети, называя имя соседа в</p>	<p>7.Аяқтың ұшымен көтерілу, демді жұтып шығару. 8.Саппен жүріп өту. Балаларды мадақтау.</p> <p>3.Көркем әдебиет. Тақырыбы: Үлкенге құрмет, кішіге ізет. Мақсаты: Дыбыстарды түрлі екпінде анық және дұрыс айта білу, сыбырлап және қатты айта білу. Адами қарым қатынасқа үйренейік. Сәлем берем үлкенге. Біздер сәлем береміз, -Сәлеметсіз бе, ағай!- деп. -Есенсіз бе, әжей!- деп, -Амансыз ба, атай!- деп. Ұл- қыз сәлем береміз- Өнегелі өренбіз. -Достарыңмен қалай сәлемдесесің? Үлкенге құрмет, кішіге ізет. Құрметтеп ата -анамды, Ардақтап әпке, ағамды, Қамқор боп сіңілі ініме, Сыйлымын үлкен кішіге. Бәрін де жақсы көремін, Үнемі көмек беремін. Үлкенді сыйлау- кішілік, Үлгілі мінез -кісілік. «Рахмет ата!» әңгімесін оқып беру. Баламның амандығын біліп, немеремді иіскеп қайтайын деп үйден шықтым. Мен өтетін жолдың қиылысында 4-5 жасар шамасындағы қыз тұрды. Қасына келіп: -Бұл жерде неғып тұрсың дедім? -Сізді күтіп тұрмын. Үлкен кісінің алдынан кесіп өтуге болмайды ғой деді. -Ой, айналып кетейін, көп жаса! -Атың кім? -Гүлнар. -Кімнің баласысың? -Әжемнің баласымын. Немереме алып шыққан құрт, ірімшігім бар еді. Соларды Гүлнарға бердім. -Үйде кішкентай Сая бар. Соған да беремін. Рахмет, ата! -деп жүзіме қуана қарады. Мен кішкентай Гүлнардың тәрбиелігіне риза болып қоштастым. -Гүлнардың үлкенді сыйлайтынын, кішіге қамқоршы екенін қандай іс әрекеттерінен байқауға болады? -Атай Гүлнарға қандай ізеттілік көрсетті?</p>	<p>Суретпен жұмыс. Түйенің суреті бар бейнелер Түйе-ірі денелі жануар. Ол шөл далада өмір сүруге бейімделген. Түйелер өте шыдамды және төзімді жануар. Қырық жылға дейін өмір сүреді. Екі аптаға дейін сусыз, бір айға дейін азықсыз тіршілік ете алады. Ал түйенің сүтінен шұбат жасалады. Ол көптеген ауруларға ем. Түйенің екі түрі болады: бір өркешті және екі өркешті. Түйенің өркеші оны күннің шыжыған сәулесінен қорғайды. Түйелерді «шөл кемесі» -деп атаудың себебі түйелер ұзақ уақыт су ішпей және азықтанбай жүре алады, аз шаршайды. Балалардың жұмысы. «Керуен қайдан келеді?» Бүгін біз түйелерді қиып алып, олардан керуен құраймыз. Солға қадам, оңға қадам: Айнала толған құм! Бойлап емес, көлденең емес Шөлде жүру оңай емес. Жаздыгүні, қыстыгүні, Шөл ішінде тек бостық. Онда, мұнда құм төбе, Ештеңе де өнбейді. Шөлде жүру оңай емес. Қадам артынан қадам басып Өркештерін сілкіп, Кейде түйе жүріп өтеді. Байқап жүрсең де.. Шөлде ұзақ жүрсең де, Аяқты сулау мүмкін емес. Қорытынды: -Керуен дегеніміз не? -Құмды қандай түс арқылы көрсетуге болады? Балаларды бағалау.</p>	<p>жарыса отырып жүгіруге үйрету. Балаларды сапқа тұрғызу. Мадақтау.</p> <p>3.Музыка. Тақырыбы: Наурыз жыл басы. Мақсаты: Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Ән тындау: «Қос алқа» Ән айту: «Наурыз тойы» Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Сақина салу»</p> <p>4. Ойнаймыз, ойлаймыз. Тақырыбы: Ойын «Кім тапқыр?» Мақсаты: Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу. Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп кішкене ағаштар, Су құйған соң еседі. Қорытынды: -Ағаштардың қандай пайдасы бар? -Өсімдіктер өсу үшін не қажет? Балаларды бағалау.</p>
--	---	---	---	---

<p>ласковой форме, передают друг другу колокольчик. в гости приходит кукла Макта қыз. она хочет узнать, что вы знаете о сказках. какие бывают сказки? да, сказки бывают народные. у каждого народа свои сказки, они отражают традиции и обычаи. Макта қыз предлагает отправиться в путешествие в одну из сказок. задание №2. соедини линией Динамическая пауза «Кошка». кошка утречком проснулась, вверх изящно потянулась, вниз красиво наклонилась, вправо-влево покрутилась, и тихонько удалилась! игра «Один – много». Педагог бросает мяч, называет слово в единственном числе, ребенок ловит мяч называет слово во множественном числе, бросает мяч следующему. Яйцо - ... девушка ... дерево ... кошка... Мышь ... корова... Пальчиковая игра «Расскажу про кошку». Подставляя ладошку, (<i>вытянуть вперед руку ладошкой вверх</i>) расскажу про кошку. (<i>гладит ладонь другой рукой</i>) Будем пальчики считать? (<i>Шевелить пальчиками</i>) Будем пальчики считать! (<i>Сжимать и разжимать пальчики</i>) раз-два-три-четыре-пять (<i>Поочередно загибать пальчики</i>) вот – кулак, (<i>сжимать пальцы в кулак</i>) А вот – ладошка. (<i>разжимать</i>) На ладошку села кошка! (<i>поставить на ладонь пальцы второй руки</i>) и крадется потихоньку, (<i>«пробежать» пальчиками по руке до плеча</i>) и крадется потихоньку... (<i>спрятать</i></p>	<p>Сергіту сәті. «Мен әдепті баламын» Ән айту. Музыкасы: И.Нүсіпбаев. Сөзін жазған: А.Асылбеков. Д.О. «Мен әдепті баламын» Саябақта. Дүкенде. Автобуста. Мектепте. Үйде. (балалар өз ойларын жеткізеді). Қорытынды: -Өз достарыңа, туыстарыңа және жақын адамдарыңа қалай құрмет көрсетесің? Үлкендер кішілерге ізет көрсетсе, кішілер үлкендерді құрметтесе, адамдар арасында өзара сыйластық болады.</p> <p>4.Мүсіндеу. Тақырыбы: Домбыраның күмбірі Мақсаты: Қарапайым көркем образдарды жасау, образды түрлі ұсақ бөліктермен, сәндік элементтермен толықтыра отырып көңіл күйін бере білу, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдау. -Балалар, қандай музыкалық аспаптарды білесіңдер? Домбыра. Екі ішекке бір тиекті қондыра, Ойнаймыз біз қолымызды талдыра. Білсең егер айта қойшы, балақан, Бұл қай аспап? Бұл кәдімгі - домбыра. Домбыра-қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы. Домбыра шертпе аспаптар тобына жатады. Домбырамен ән айтады, күй тартады. Жұмбақ. Тиіп кетсе жырлаған, Даусы көпке ұнаған. (домбыра). Екі ішекпен күмбірлеп, Көңіл сазын сапырады. Тұлпар шабыс дүмбірлеп, Желпіндіріп отырады. (домбыра). Ұзын мойын, екі ішек, Қатар қатар тепкішек. Басып көрсең бір бірлеп, Үн шығады күмбірлеп.</p>	<p>Ең жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру.</p> <p>3.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Екеуден сапқа тұру. (ауада). Негізгі қимылдар: Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен қатар дене жаттығуларын орындау. 1.Бірінен соң бірі сапқа тұрып, бағытты өзгертіп жүру. Бытырап жүгіру. 2.Сапта аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. 3.Түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою. 4.Түзу тұрып қолды белге қою. Бір орнында тұрып секіру. 5.Сапта тұрып бірінен соң бірі бағытты өзгертіп жүру. Қимылды ойын: «Шанамен сырғанау» Балаларды сапқа тұрғызу. Мадақтау.</p> <p>4. Логика әлемі. Тақырыбы: 8 саны мен цифры. Мақсаты: 8 санымен және цифрымен таныстыру. Қорытынды: -Кім шатаспай санайды? (1-ден 10-ға дейін тура, кері санау). -Жасырынған қандай сан? -Қайсысы көп, қайсысы аз, қайсысы тең? Балаларды мадақтау. Бағалау.</p>
---	---	---

	<p>кисть другой руки под - мышку) видно мышка там живет!</p>	<p>Бұл қандай аспап? (домбыра).</p> <p>Балалардың жұмысы. «Домбыра» (балалар ермексаздан домбыраны мүсіндеп жасайды). Д.О. «Бұл қай аспап?» Ойын шарты: Суреттердің ішінен домбыра аспабын тап. Суретте берілген аспаптарды ата. Қорытынды: -Қандай музыкалық аспапты білесіңдер? -Домбыраның үні сендерге ұнай ма? -Сендердің үйлерінде домбыра бар ма?</p>		
<p>Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар</p>	<p>Қимылды ойын: Доп кімде? Мақсаты : шапшаңдыққа , ептілікке, ұқыптылыққа баулу. Топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p>	<p>Дид.қ ойын «Нені қайдан алуға болады?» Мақсаты: Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.</p>	<p>Дид.қ ойын: «Ненің төлі жоқ?» Мақсаты: Үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сюжетті рөлді ойын «Аурухана» Мақсаты: Ақ халатты абзал жандардың қамқорлығын, мейірімділігін, кішіпейілдігін таныстыру.</p>
<p>« Табиғатпен бірге біз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек</p>	<p>Серуен 1 Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: — Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; — айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; — табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Серуен № 2 Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.</p>	<p>Серуен № 3 Бұршақты бақылау Мақсаты: — «Бұршақ» түсінігімен таныстыру; — Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру; — есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру.</p>	<p>Серуен № 4 Итті бақылау Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру; өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.</p>
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>	<p>суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыра білуге үйрету</p>	<p>тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең, жылдам, баяу ұғымдарын атайды, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтай алуына жұмыс жасау</p>	<p>үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атайды;</p>	<p>10 көлеміндегі сандарды білу оларды тура және кері санау</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы.</p>	<p>Өтілген дыбыстарға байланысты тақпақ, жаңылтпаштар қайталау</p>	<p>Ата-анамен сөйлесу, тақпақтарын ,сандарды қайталату, қадағалау.</p>	<p>Балаларының оқу іс - қызметіне көңіл бөлу керектігін айту.</p>	<p>Ата- аналармен сұхбат. «Тәні саудың- жаны сау»</p>